

**«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық байқауының қалалық кезеңін**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ереже «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық байқауының қалалық кезеңін мақсатын, күтілетін нәтижелерін, қатысуышылардың санатын, үйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды (ары қарай - Байқау).

1.2. Байқау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында (бұдан әрі – ТжКОБ үйымдары) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін тануға бағытталған.

1.3. Байқау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандагы №914 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде өткізіледі.

1.4. Байқау жыл сайын үйымдастырылады және өткізіледі.

1.5 Қалалық байқауды үйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ.

**II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРИ  
ЖӘНЕ КҮТІЛЕТИН НӘТИЖЕЛЕР**


2.1. Байқау ТжКОБ үйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін анықтау және тарату мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқау міндепті:

– ТжКББ үйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін анықтау, көтермелеген және ілгерілету болып табылады.

2.3. Күтілетін нәтижелер:

– қазақ тілін оқытудың әртүрлі әдістерін курстарда, шебер-сыныптарда, тренингтерде іс жүзінде қолдану, үздік тәжірибелі одан әрі пайдалану мақсатында қазақ тілде оқымаитын студенттерге қазақ тілін оқытатын үздік педагогтердің мәліметтер базасын құру;



- бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және интернет-ресурстарында қазақ тілін оқытудың озық әдістемелері бойынша материалдарды жариялау.

### III. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Байқауга Астана қаласындағы ТжКОБ үйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне сабак беретін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері қатысады.

3.2. Соңғы үш жыл ішінде өткізілген байқау жеңімпаздары конкурсқа қайта жіберілмейді.

### IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Байқауды өткізу үшін Үйымдастыру комитеті құрылады, ол Байқау туралы ережені әзірлейді, сараптамалық комиссиясын құрады, Байқауга қатысушиларды тіркейді және тізімдерін қалыптастырады, хаттамалар дайындайды, Байқау туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады, Байқау туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады, Байқау жеңімпаздарын хабардар етеді, марапаттауды үйымдастырады, Байқаудың жариялышын қамтамасыз етеді, техникалық қолдау көрсетеді.

Педагогтерді бағалау үшін Басқарма қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен сараптамалық комиссия құрылады.

4.2. Байқау 2 кезеңнен тұрады:

- 1) **I кезең** – қалалық.
- 2) **II кезең** – респубикалық. Байқаудың қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша 1 (бір) қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесі респубикалық кезенге қатысуға ұсынылады.

Байқаудың I қалалық кезеңіне Астана қаласы ТжКОБ үйымдарының педагогтері **2025 жылдың 1 қазанына дейін** келесі сілтеме бойынша

Googl дискіге өтініш жолдайды және келесі құжаттар мен материалдарды электронды нұскада ұсынады:

- 1) осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Байқауга қатысуга өтінім;
- 2) жұмыс орнында расталған, кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парагы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген талаптар мен құрылымға сәйкес қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің мәтіндік баяндалуы;
- 5) бейнеролик (осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес жазылған бір сабактың бейнесі);
- 6) қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің презентациясы (5 слайдтан артық емес);

Педагогтердің қазақ тілін оқыту әдістемесі осы Ереженің 4-қосымшасында берілген талаптарға сәйкес бағаланады.

**4.3. Ұйымдастыру комитеті:**

- Исиба Н. С., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК ТЖКББ бөлімінің әдіскері, тел. 87016447318;
- Есенбекова А.Е., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК ТЖКББ бөлімінің әдіскері, тел. 87012208197;
- Мылтықбаева Ж.Т., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК ТЖКББ бөлімінің әдіскері, тел. 87051879375;

Байқау материалдарының сараптамасы - **2-10 қазан 2025 жыл**  
Байқау қорытындысын шығару – **14 қазан 2024 жыл.**

**V. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ**

5.1. Қалалық байқау қорытындысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МҚҚК сайтында <https://astana-modern.edu.kz> жарияланады.

5.2. Ең көп үпай жинаған қатысушыға «Қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесі» республикалық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпазы Сертификаты беріледі.

5.3. Байқаудың қалалық кезеңінің қатысушыларына қатысқаны туралы сертификат беріледі.

**«Техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық байқауының қалалық кезеңінде байқауына қатысуга  
ӨТІНІМ**

Мені байқауға қатысуга жіберуіңді сұраймын.

Өзім туралы мынандай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
2.	Жұмыс орны	
3.	Тұған жылы, айы, күні	
4.	Лауазымы	
5.	Педагогикалық өтілі	
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
7.	Білімі (оқу орны, факультет, бітірген жылы)	
8.	Біліктілік санаты	
9.	Байланыс телефоны (үй, үялы), электрондық пошта	
10.	Студенттердің олимпиадалардағы, байқаулардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысусы	
11.	Марапаттар, ынталандырулар	

Қосымша: байқауға қатысу үшін құжаттар \_\_\_\_\_ парапта.

Өтінім толтырылған күн \_\_\_\_\_

Байқауға қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру үйімі басшысының қолы \_\_\_\_\_

М.О.

**Қазақ тілін оқыту әдістемесін рәсімдеудің құрылымы мен талаптары**  
Кіріспе

Негізгі бөлім (бар болса, оқыту әдістерін құрылымы бойынша көрсету: жазу, оқу, тындау, сөйлеу)

Қорытындылар

Нәтижелер (бар болса)

Пайдаланылған әдебиет тізімі

**Рәсімдеуге талаптар:**

Парақтар саны – 50-ден артық емес, Times New Roman қарпі, кегель 14, жоғарғы, төменгі, сол жақ жолақ - 2,5 см, он жақ - 1,5 см)

### **Байқаудың бейнеказбасына қойылатын техникалық талаптар**

#### 1. Техникалық шарттар:

- бейнеказбаны YouTube каналында жариялау қажет (Министрлікке тек сілтеме жіберіледі).

- бейнеказбаның ең төменгі ажыратымдылығы – 720x480

- бейнеказба ұзактығы – 3 мин.

- педагогтің аты-жөні жазылған ақпараттық беттің болуы.

Тақырыпқа сәйкес келмейтін, басқа адамдардың ар-намысы мен сезімін қорлайтын, жарнамалық сипаттағы бейнеказбалар байқауга қабылданбайды.

2. Бейнероликтің мазмұны авторлық оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық құралдарын қысқышы ашатын бір сабактың жазбасын қамтиды.

## Қосымша 4

### **Қазақ тілін оқытудың жобалық әдістемесін бағалау критерийлері**

<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Ұпайлар</b>
Заманауи сабакты жобалау (өзірленген сабак бойынша әдістемелік түсініктемелер, сабактың технологиялық картасы, дидактикалық материалдар жинағы)	1-10
Озық халықаралық тәжірибелерді бейімдеу және қолдану	1-10
Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу дәрежесі	1-10
Оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану (негізділігі, орындылығы, әртүрлілігі)	1-10
Оқыту нәтижелерін диагностикалау және бағалау және кері байланыс құралдарының болуы (ауызша, жазбаша, практикалық бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерінің болуы және т.б.,)	1-10
Студенттің оқу-танымдық қызметіне қызығушылығын ынталандыру және ынталандыру әдістерінің болуы	1-10
Студенттердің өздіндік жұмысын ұйымдастыру үшін шығармашылық және практикалық тапсырмалардың болуы	1-10
Оқыту әдістерін қолданудың кешенділігі (әртүрлі технологияларды, оқыту нысандары мен әдістерін қолдану тәртібі, толықтырылуы )	1-10
Нәтижелерінің болуы (студенттердің олимпиадалардағы, байқаулардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы)	1-10
Оқытудың құрылымдық әдістері (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)	1-10
<b>Жиыны</b>	<b>1-100</b>